

МӘДЕНИ МҰРА ЖӘНЕ ҰЛТТЫҚ ХОРЕОГРАФИЯ ӨНЕРІ

Түйіндеме

Автор мәдени жады призмасы арқылы ұлт және ұлттық бірегейлік мәселелеріне деген заманауи көзқарасты қарастырып, жаһандану контекстінде ұлттық бірегейлікті қалыптастырудағы мәдени мұраның, соның ішінде би өнерінің орнына талдау жасайды. Көшпелі өркениеттің бай рухани мұрасы өнердің барлық классикалық түрлерінің өркендеуіне негіз болды. Бүгінгі таңда дәстүрлі этномәдени кодтар жаңа өзекті формаларға ие болуда және қарқын дамуда. Мақалада ұлттық би қозғалыстарының ерекшеліктері мен маңыздылығы қарастырылған. Бір қозғалыстарда халықтың көркемдік бейнелі ойы, көзқарасы мен дүниетанымы көрініс тапқан болса, кейбір қозғалыстар еңбек процесіндегі адамның қозғалысын көрсетіп, басқалары қазақ ою-өрнектерін сипаттайды. Кейбір қозғалыстар табиғат құбылыстарын, құстар мен жануарлардың қимылдары мен әдеттерін пластикалық түрде бейнелейді. Сонымен қатар би өнерінде қазақ халқы жарқын болашақ туралы армандарын бейнелейді. Қиын жағдайда өмір сүрсе де адамдар жақсылықтың жеңісіне сеніп, сол сенімді ән мен билер арқылы бейнелейді. Сондықтан ұлттық хореографиялық фольклорды халық мәдениеті тұрғысынан түсіну өте маңызды.

ULUSLARARASI TÜRK
DÜNYASI
ARAŞTIRMALARI
DERGİSİ
INTERNATIONAL
JOURNAL OF TURKISH
WORLD STUDIES
CİLT 5 / SAYI 4 / EKİM
2022

Sorumlu Yazar
Corresponding Author

Anipa KUSANOVA

PhD, доктор, Қазақ
ұлттық қыздар
педагогикалық
университеті
a.kusanova@gmail.co
m

ORCID 0000 -0001-
7353-5215

Gönderim Tarihi
Received
18.08.2022

Kabul Tarihi
Accepted
20.09.2022

Atf
KUSANOVA, Anipa
(2022). "Мәдени Мұра
Және Ұлттық
Хореография Өнері",
*Uluslararası Türk
Dünyası Araştırmaları
Dergisi*, (5/4), 27-36.

ARAŞTIRMA MAKALESİ
RESEARCH ARTICLE

Тірек сөздер: қазақ биі, мәдени мұра, салт-дәстүр, ұлттық құндылықтар.

CULTURAL HERITAGE AND NATIONAL CHOREOGRAPHIC ART

Abstract

Through the prism of cultural memory, the author considers a modern approach to the problems of nationhood and national identity, analyzes the place of cultural heritage, including dance art, in the formation of national identity in the context of globalization. The rich spiritual heritage of the nomadic civilization served as the basis for the prosperity of all classical forms of art. And today, traditional ethno-cultural codes acquire new relevant forms and are rapidly developing. The article discusses the features and significance of national dance movements. While some movements reflect the artistic imaginative mind, vision and worldview of the people, some movements reflect the movement of a person in the process of work, others characterize the Kazakh ornament. Some movements plastically reflect natural phenomena, movements and habits of birds and animals. In addition, in the art of dance, the Kazakh people embodied dreams of a bright future. Even living in difficult conditions, people believed in the victory of good and embodied this belief in songs and dances. Therefore, it is very important to understand the National Choreographic Folklore from the point of view of folk culture.

Key Words: Kazakh dance, cultural heritage, traditions, national values.

Кіріспе

Мәдениетті қорғау, мәдени дәстүрлер мен ұлттық мәдени құндылықтады сақтау арқылы тарихи - мәдени мұраны сақтау, зерделеу және тарату бүгінгі күні мемлекетіміздің маңызды міндеті болып табылады. Мәдени мұра - қоғамның көркем экологиясы. Бұл адамзаттың ғасырлар бойы қалыптастырған эстетикалық және адамгершілік құндылықтарын ұрпақтан ұрпаққа жеткізетін ұлы ұстаз деп айтуға болады. Бүгінгі күні де барлық инновациялық процестер мәдени-тарихи әлеммен және мәдени дәстүрлермен тікелей байланысты. Осы орайда мәдени мұраны сақтау мен таратуда маңызды болып табылатын негізгі категория – бұл халықтық мәдени жады.

1. Мәдени Мұра Және Мәдени Жады

Ежелгі дәуірден бастап ойшылдар өздерінің трактаттарында адамның өмір сүруі, тұлға ретінде дамуы тек мәдениет пен қоғам аясында мүмкін екендігін көп жазды. Адам мәдениетсіз және мәдениеттен тыс өмір сүре алмайды, сондықтан мәдениет оның екінші табиғатына, оның мәніне айналады, бұл өз кезегінде адамның тұлға ретінде қалыптасуына қатты әсер етеді. Неміс өнер тарихшысы Я. Ассман «мұндай инстинкттерден (жануарлардың инстинкттерінен) айырылған соң адам оның орнына мәдениетке, әлемді символдық түрде делдалдайтын және сол арқылы адамғы өмір сүруге оң әсерін тигізетін мағыналардың символдық әлеміне бейімделуі тиіс» деп жазды (Яссман, 2004:146).

Адамның мәдениеттің символдарына бейімделуі - бұл табиғат жағдайында өмір сүрудің ерекше, рухани жоғары тәсілі, сонымен қатар белгілі бір мәдениетке өзінің ортақтығын түсінуі. Бұл жағдайда есте сақтау қабілеті маңызды рөл атқарады. Бұл жерде зерттеушілер есте сақтау қабілетін психологиялық немесе физиологиялық құбылыс ретінде емес, өмір сүру үшін қажетті мәдени белгілердің жиынтығын сақтап ұрпақтан - ұрпаққа жеткізудің белгілі бір тәсілі ретіндегі тарихи-философиялық және мәдени категория ретінде қарастырады. Сондықтан, бұл мәселе алғашқы мемлекеттердің қалыптасу кезеңінен бастап зерттеліп, ежелгі кезеңнен басталған өзіндік тарихы бар (мысалы, ұлы классик-философтар Платон және Аристотельдің еңбектерін алайық) және қазіргі уақытқа дейін (феноменология, экзистенциализм сияқты философиялық ағымдар) маңыздылығын жоймаған сұрақ.

Адамзаттың аса құнды тәжірибесі - мәдени мұра екені бәрімізге мәлім. Мәдени мұра ретінде біз материалдық, рухани және көркемдік формаларда бейнеленген адам қызметінің өзекті, тарихи тұрақты және таңдалған нәтижелерінің жиынтығын атаймыз. Мәдени мұраның әлеуметтік-мәдени маңыздылығы жинақтау, сәйкестендіру, интеграциялау, таныстыру, қорғау, презентациялау функцияларына негізделген. Мұраның түрлері мәдениет түрлеріне сәйкес келеді: материалдық,

материалдық емес және көркем мұра (М. С.Каган типологиясына сәйкес).

Әр халықтың рухани байлығы мен ұлттық құндылықтарын сақтап қалуға деген ұмтылысының негізі сол халықтың көпғасырлы тарихынан, этникалық мәдениетті сақтап қалып, қайта жаңғырту және дамыту дәстүрінен бастама алады. Ал қазақ ұлттық құндылықтарының жаңғыруында ұлттық өнердің, соның ішінде хореография өнерінің орны ерекше.

2. Би Мәдениетінің Мифоритуалды Негіздері

Жалпы түркі халықтарын ортақ тіл, тарихи-географиялық кеңістік, ұқсас топонимдер, әдет-ғұрып пен салт-дәстүр, халықтық кәсіпшілік, ауызша халық шығармашылығы, музыкалық мәдениет және би біріктіретіні бәрімізге мәлім. Көптеген түркітілдес елдердің өнері ұқсас болып келеді. Дереккөздерде әлемдік діндер пайда болғанға дейін адамдар ерте тарихи кезеңдерде «күнге» және оның жер бетіндегі отқа табынатындығы туралы мәліметтер бар. Әзірбайжан түріктерінің мәдениетінде «күнге сәлем» деген ой кездеседі. Бұл дәстүр «күннің болашағы» деп аталады. Бұл Наурыз қарсаңында күннің шығуына сәлем беруге арналған салтанатты қойылымның тағы бір атауы. Ол сондай-ақ «күн шақыру» деп аталды (Буланова, 2011: 56 б). Түркітанушы ғалым Шакир Ибраев қазақ түркілері күнді ана ретінде қабылдағанын, оны жерге жылулық пен мейірімділік әкелетін, өмірлік күштің символы деп санағанын хабарлайды.

Ұсынылған мақалада біз түркі халықтарының мәдениетінде орын алған дөңгелек билердің жалпы және сипаттамалық ерекшеліктерін зерттеуге тырыстық. Бұл билерде шеңбердің мәнін ерекше. Түркітілдес елдердің сенімі бойынша, шеңбер зұлым күштерді, ауруларды, бақытсыздықтарды алыстатады. Шеңбердің болуы бастау, аяқтау және жаңа бастама үшін қажет деп санаймыз. Бұл табиғат пен өмір заңдылықтарына сәйкес келетін тірі процесс. Бұл үлгі дөңгелек циклды құрайды. Қозғалыс тоқтағаннан кейін даму тоқтайды және әлемдегі барлық нәрсе инертті күйде болады деп бір сәтке елестетіп көріңіз.

Егер дөңгелек циклы болмаса, онда жалпы ғалам, өмір, адамзат та болмауы мүмкін. Себебі тепе-теңдік жоғалады. Сондықтан, дөңгелек билердегі шеңбердің негізгі функциясы - бұл көпшіліктің қозғалысы арқылы әлемнің тұтастығы мен шексіздігін бейнелеу.

Сонымен қатар түркі халықтарының дөңгелек билерінде қандай да бір бағытта айналу да маңызды. Зерттеу барысында әртүрлі дереккөздерден бұл туралы көптеген қызықты ақпараттар табылды. Өзбек және Қырғыз түріктерінің философиясында дөңгеленіп айналу адамдарға ауру әкелетін зұлым рухтарды жоюға қызмет етеді. Мысалы, қалмақ түріктері дөңгелек билерді орындау кезінде солдан оңға қарай жылжиды. Олардың сенімдері бойынша оңнан солға қарай жүру бақытсыздыққа әкелуі мүмкін (Диваев, 2011: 36). Түркі халықтарының мәдениетінде орын алған қазіргі дөңгелек билерді зерттеу барысында біз сағат тілімен және оған қарсы орындалатын билердің үлгілерімен кездестік.

Анадолы түріктері «Халай» деп аталатын дөңгелек биді, эзирбайжандар «Яллы», балкарлар мен қарашайл тұрғындары «Түгерек тепсу» биін сағат тіліне қарсы бағытта орындайды. Қазақ билерінде де біз көптеген айналмалы қозғалыстарды кездестіреміз. Олар, О. Всеволодский-Голушкевичтің пікірінше, күнді табынатын көптеген халықтар арасында орын алған ең көне күн көріністерін бейнелеген. Күнге табына отырып, адамдар шеңберге де, күн бағытымен қозғалысқа да табынған. Мұндай билер Тамғалы шатқалдарының жартаc суреттерінде бейнеленген. Кейін халық дөңгелек қозғалыстарға сиқырлы магиялық қасиеттер бере бастады. Осылайша, Ш.Уәлиханов ритуалдық әрекеттерді зерттей отырып, қазақтарда «айналу қозғалысы сиқырлы күшке ие. Адамды айналу дегеніміз - оның барлық ауыртпалықтарын қабылдау. Сондықтан қазақ тіліндегі ең нәзік сөз бен махаббаттың ең шынайы көрінісі «Айналайын» сөздерінен тұрады» (Всеволодская-Голушкевич, 1994: 83).

Осылайша, бидегі барлық қозғалыстардың терең мағынасы мен ішкі психологиялық астары бар. Қозғалыстарда халықтың көркемдік бейнелі ойы, көзқарасы

мен дүниетанымы көрініс тапқан. Кейбір қозғалыстар еңбек процесіндегі адамның қозғалысын көрсетсе, басқалары қазақ ою-өрнектерін сипаттайды. Кейбір қозғалыстар табиғат құбылыстарын, құстар мен жануарлардың қимылдары мен әдеттерін пластикалық түрде бейнелейді.

Қазақтың халық билерін орындау бастапқы кезеңде ерлерге ғана тән болған. Сахналық театр өнерінің тарихында Рахым Асылбеков, Ахмет Берсағимов, Құрманбек Жандарбеков, Зарубай Кульсеитов сияқты халыққа танымал әртістер мен бишілер бар. Олар алғашқы кәсіби орындаушылар болып саналады.

Қазақтың әйелдер биінің қалыптасуы мен дамуы Шара Жиенқұловамен байланысты. Оның «келіншек» биі 1933 жылы «Айман-Шолпан» музыкалық спектаклінде әйелдер сахналық хореографиялық лексикасын жасаудың алғашқы әрекеті болды. Қазақтың кәсіби хореографиялық өнеріндегі әйелдердің сахналық би бейнесі Ш. Жиенқұлованың арқасында қалыптасты. Әйелдер орындаушылық шығармашылығының жарқын өкілдері, Шара дәстүрін жалғастырушылар А. Изидова, Л.Ходжикова, Г. Шарипова, Н. Тапалова, Г. Бейсенова, Т. Ізімова болды (Шанкибаева, 2006:126).

Бүгінгі таңда қазақ биі кәсіби ансамбльдердің репертуарында лайықты орын алады. Осы ұжымдардың концерттік бағдарламаларын бақыласақ қазақ биі техникалық (орындаушылық) тұрғыдан айтарлықтай өскені байқалады. Бұл, ең алдымен, орындаушыларды даярлау жүйесінің сапасының артуына байланысты. Қазақстанда осы салада білім беретін бірқатар оқу орындары бар: А. Селезнев атындағы Алматы хореографиялық училищесі, Ж.Елебеков атындағы республикалық эстрада-цирк колледжі, Қазақ ұлттық хореография академиясы, облыстық мәдениет және өнер колледждері. Сонымен қатар, қазіргі қазақ биі алғашқы сахналық нұсқалармен салыстырғанда, әрине, айтарлықтай өзгерістерге ұшырады. Біріншіден, бұл өзгерістер орындау техникасына қатысты. Бұл классикалық және халықтық сахналық бидің қозғалыстарымен және элементтерімен байытудың нәтижесінде күрделенді. Қазақи қозғалыстар үлкен кеңдікке, күшке, иілгіштікке ие болды.

Бұл бір жағынан қазақ сахналық биін әсерлі және жарқын етті түсті. Көптеген әуесқой және тіпті кәсіби топтарда жетекшілерді көрермендерге тек эстетикалық ләззат беретін таза техникалық шеберлік қызықтырады. Нәтижесінде қазақ биі ұлттық мәнерден алыстап бара жатқандай. Көптеген билер бір-біріне ұқсас болып кетті. Сондықтан, ұжымдардың репертуарында жаңа қазақ билерінің ұлғаюына қарамастан, біз жас ұрпақтың би дәстүрлеріне және өз халқының рухани байлықтарына деген қызығушылығының төмендеуін байқаймыз.

3. Ұлттық Код Және Қазақстандық Би Өнерінің Даму Болашағы

Тәуелсіз Қазақстанның идеялары замануи өнерді шығармашылық бостандықпен сусындатты. Қазақ өнерінің негізінде «Ұлттың генетикалық коды» деп аталатын қазақтың дәстүрлі мәдениетінің ментальді деңгейі жатыр. Бұл метафораны біз ұлттық мәдениетті оның сабақтастығы, халықтың мәдени ерекшелігін сақтау тұрғысынан анықтау үшін қолданамыз. Сонымен қатар «Ұлттың генетикалық коды» елдің қазіргі өнерінде айқын көрініс табуда. Мәдениет - этникалық дәстүрлер мен ұлттық сана-сезім сенім сақталатын негізгі сала. Өнер халықтық мәдениеттің рухын айқын көрсете алатын шексіз мүмкіндіктерге ие. Бүгінгі таңда дәстүрлі этномәдени кодтар жаңа өзекті формаларға ие болуда және қарқын дамуда. Бұған дәлел «Астана Балет» театрының қызметі.

«Астана Балет» жас театры – заманауи хореографиялық өнердегі қазақ би дәстүрлерінің жалғасуының тамаша үлгісі. Театрдың түрлі жанрдағы репертуары әлемдік және отандық классика жауһарларымен, бірегей хореографиялық қойылымдармен толықтырылып отырады. Театр труппасының негізін А.Селезнев атындағы Алматы хореографиялық училищесінің үздік түлектері құрайды. Сонымен қатар театр сахнасында Бразилия, Бельгия, Австралия, Израиль әртістері де труппа құрамында өнер көрсетуде. Орындаушылар жүйелі түрде Франция, Германия, Ресей және АҚШ-тың танымал хореографтарынан шеберлік сабақтар алып біліктіліктерін арттыруда.

Театрдың бас балетмейстері Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Айгүл Тати Шара Жиенқұлова, Дәурен Абилов, Заурбек Райбаевтың жетекшілігімен кәсіби шеберлікке ие болған шебер маман. Айгүл Тати қазақ музыкасының әуенін халықтық би мәдениетінің пластикасымен үйлестіре отырып, бірқатар хореографиялық нөмірлер қойды. Сонымен қатар, театрдың жас режиссер-хореографы Мукарам Авахри дәстүрді жалғастыруда.

«Астана балеттегі» балет өнерінің дамуының негізгі үрдістері ұлттық балетті дамыту, балет сахнасында ұлттық дәстүрлерді іске асыру үшін барынша мәнерлі құралдарды іздеу және табу; классикалық академиялық бидің тұғырын сақтау және нығайту, классикалық мұра балеттерін қою және қазіргі заманғы хореографияға жүгіну болып табылады.

Бүгінгі қазақстандық би өнерінің даму жолындағы басты міндеттер - дәстүрлерді сақтау, оларды қазіргі заман тұрғысынан дамыту, ұлттық және әлемдік мәдениет жетістіктеріне баулу.

Қорытынды

Қазақ биі халық мәдениетінің ажырамас бөлігі ретінде жеке тұлғаның рухани-адамгершілік дамуында маңызды орын алады, бұл мәдени мұраны сақтап ұрпақтан ұрпаққа тарату, адамның патриоттық және азаматтық тәрбиесінің маңызды құралы болып табылады. Қазақ биінің жасалған талдау қазақ халқының ғасырлар бойы өзіндік ерекше хореография өнерін қалыптастырғанын көрсетті. Би өнерінде қазақ халқы жарқын болашақ туралы армандарын бейнеледі. Қиын жағдайда өмір сүрсе де адамдар жақсылыққа сеніп, сол сенімді ән мен билер арқылы бейнеледі. Сондықтан ұлттық хореографиялық фольклорды халық мәдениеті тұрғысынан түсіну өте маңызды. Жаһандану дәуірінде көпғасырлық ұлттық мәдениеттің мұрагерлері ретінде ұлттық бірегейлікті сақтап, оны одан әрі дамыту біздің міндетіміз.

Пайдаланылған Әдебиеттер

МОРОЗОВ Г.Н., АЛЕКСЕЕВ, Г.В. «Культурно-досуговые учреждения: проблемы и решения»// Власть.- 2013 г.

- ЛЕКИШВИЛИ А.В. «Организация деятельности в учреждениях культуры»// Новые исследования Тувы. - 2014 г .
- ШАРКОВСКАЯ Н.В. «Культуро-творческие формы организаций молодежного досуга»// Вестник Московского государственного университета. - 2014 г.
- ПОЛУКАРОВ В.В. Теория и практика клубной деятельности, как основа организации досуга современных школьников». Гуманитарные науки. – 2012 г.
- РАЗУМОВА М.С. «Направления развития учреждений культурно-досуговой сферы». // Вестник Оренбургского государственного университета. - 2011 г.

